

ШҚО ББ Аягөз ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2021-2022 оқу жылы тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстар.

Бірінші бағыт-«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»

Білім күнін өткізу туралы ақпарат.

2020-2021 оқу жылы 1 қыркүйекте санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –де дәстүрлі форматта басталды.

Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылды және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өткізілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу құқық қорғау қызметкерлерімен жұмыс өткізу жөніндегі ісшаралар туралы ақпарат.

Мектебімізде оқу жылынан басын бастап, «Құқықтық сана қоғамға пана» жобасы аясында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізілді. Қыркүйек айында «Құқықбұзушылықтың алдын алу» жоспары құрылып «Құқықтық Кеңес» құрамы жұмысын жандандырды. Кеңес құрамы ТІМ-Турусбекова Н.Н., ОІМ-Камзина Г.Т., Жетибаев Ж.А. –ұлдар ұйымының жетекшісі, Қалиева М.С.-қыздар ұйымы жетекшісі, Шарипов А.Қ- психолог, Шакаримова Г.Ж.-тәлімгер, Барлықбаева Н.О ата-аналар комитеті, Қ.С. Ахметжанов қамқоршылық кеңес төрағасы осы аталған адамдар егер мектебімізде қатер тобына жататын оқушыларды анықтау, тәртіп бұзған немесе тәрбиелеуге аса қиындық туғызған оқушылар туындаса кеңес отырыстарын өткізеді. Кеңестің басты мақсаты – тәрбиеленушілердің құқықтық санасын кеңейту, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын қалыптастыру және құқықтық тәрбие саясатын жүргізу.

Оқушылар мектеп табалдырығын алғаш аттаған күннен бастап, олардың бойында құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсаты көзделеді. «1-қыркүйек-Білім күні», «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбындағы өткен алғашқы тәрбие сағатында мектептің ішкі тәртібі түсіндіріліп, мектеп ережесіне сай нақты талаптарды орындау керектігі үнемі ескертіле отырып, қандай жағдайда да құқықтары қорғалатындығы айтылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбында Ішкі істер қызметкерлері,

участкелік полиция қызметкерлері Б.Т.Макенов, Ә.Е.Тоқтағұлов кездесу өтті. Кездесуде полиция қызметкері оқушылармен сұхбат жүргізіп, оқушылар сауалдарына жауап берді. Кездесуде тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Турусбекова Н.Н «Құқықбұзушылықтың алдын алу - басты міндет» тақырыбында слайд көрсетіп баяндама жасады. Мектеп психологы Шарипов А.К. «Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік», «Мектеп арасындағы құқықбұзушылық» тақырыбында қысқа мерзімді видео көрсетілім көрсетті. Мектеп тәлімгері Шакаримова Г.Ж. оқушыларға оқыс жағдайлар кез- келген уақытта орын алуы мүмкін, оның алдын алу үшін абайлап жүру керек екендігі жөнінде түсіндірмелер мен ескертпелер айтып өтті.

Қараша айында, Дүниежүзілік балалар күніне арналған "Бала құқығы-адам құқығы" онкүндік аясында іс-шара өткізілді, «Бақытты бала- бақытты ана-бақытты отбасы -бақытты ел» атты тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналары қатысты. Жиналыс барысында тәрбие ісінің меңгерушісі Н.Н. Турусбекова ата-аналарға ата-ана құқықтары жайлы мағлұмат берді, видео рөліктер көрсетті.

Тоқсан сайын Кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Тоқтасын Тоғжан Қанатқызы оқушылармен кездесіп оқушылардың өмір қауіпсіздіктері бойынша ақпараттар беріп отырады.

Қатыгездік пен зорлық зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі ісшаралар туралы ақпарат

2021-2022 оқу жылында 9-20 қараша арасында оқушылар мен қызметкерлердің құқығын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында зорлық-зомбылық фактілерімен күресу мақсатында мектептің кіре беріс дәлізінде «Сенім жәшігі» орнатылған болатын. Білім алушыларға сенім жәшігінің қызметі туралы «Сенім телефоны. Көмекті қалай сұрау керек?» атты жадынамалары таратылды.

5-11 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сабақта оқушылардың құқығы, міндеті туралы әңгіме айтылды. Сондай-ақ оқушылар балалар арасында кездесетін кикілжің туралы жағдаяттық тапсырмаларды орындады. С.Сейфуллин мектебінде бала құқын қорғау, зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында іс-шаралар өз дәрежесінде өткізіліп келеді. Мектепте 5-11 сынып оқушыларынан «Жас ұлан» ұлан ұйымы сондай –ақ қыз балалармен «Қызғалдақ» қыздар ұйымы, «Ұлы дала ұландары» ұлдар ұйымы өз жұмысын атқарды. Жоспардың негізгі мақсаты- балалар құқығын қорғау, зорлық-зомбылық мәселесіне көңіл аудару, қатігездікке жол бермеу, балалық шақтың бақытты болуына көңіл бөлу. Мейірімді, ізетті ұрпақ тәрбиелеу. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың барлығы өз уақытында орындалды. Іс-шара барысында тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді, суреттер көрмесі ұйымдастырылып, ата-аналармен тренинг, дөңгелек үстелдер өткізілді және сауалнамалар алынды.

Дүниежүзілік балалар күніне арналған "Бала құқығы-адам құқығы" онкүндік аясында іс-шара өткізілді, 27.10.2021 жылы «Бақытты бала-бақытты ана-бақытты отбасы -бақытты ел» атты тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналары қатысты. Жиналыс барысында тәрбие ісінің меңгерушісі Н.Н. Турусбекова ата-аналарға ата-ана құқықтары жайлы мағлұмат берді, видео рөліктер көрсетті.

Жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында 8-11 сынып қыздары арасында 2021 жылдың 15 қарашасында мектепте оқитын кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жүктіліктің алдын алу және отбасын жоспарлау туралы репродуктивті сауаттылықты жоғарылату жөнінде санитарлы-ағарту жұмысын жүргізу мақсатында «Арынды сақта бойжеткен» атты Қопа ауылдық амулаториясының акушерка медбикесі Қалқаманова Майра Демеубековнамен және мектеп медикесі Карибаева Манар Кумаровнамен кездесу болып өтті.

«Қыз болашағы-ел болашағы» тақырыбында 8-10 сынып қыздары арасында қыздар ұйымының жетекшісі Қалиева М.С басқаруымен дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстел барысында қыздарға түрлі кеңестер айтылды, тақырып толық талқыланды. Қыздар тарапынан сұрақтар қойылды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бағытында жасалған жұмыстарына ақпарат

Оқу жылының басында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, жоспар бойынша әртүрлі іс-шаралар мектеп оқушыларымен және ұстаздарымен атқарылды. Мектепте құқық бұзушылықты болдырмау, қылмыстың алдын алу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» бағдарламаны жүзеге асыру барысында «Жемқорлық – індет, жою – міндет» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында сауалнама алынып, әңгіме жүргізілді.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау шеңберінде мектептің түрлі қажеттіліктері үшін заңсыз ақшалай қаражаттар жинау туралы ата-аналармен оқушылармен мектеп әкімшілігі әңгіме-кеңес өткізілді. «Адал ұрпақ» клубы мектепшілік бұйрықпен құрылып, топ мүшелері тағайындалды. Мектеп кітапханасында «Парасат бұрышы» ұйымдастырылды. Сонымен қатар тақырыпқа байланысты мектеп дәлізінде оқушыларға бейне ролик көрсетілді.

Мектептің креберіс дәлізінде сенім жәшігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет телефон номері ілінген. 1-11 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық деген не?», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» акция аясында іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Акция барысында ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңын орындау шеңберінде мектептің түрлі қажеттіліктері үшін заңсыз ақшалай қаражаттар жинау

туралы ата-аналармен оқушылармен мектеп әкімшілігі әңгіме-кеңес өткізілді. Ата-аналардан, оқушылардан және мұғалімдерден заңсыз ақшалай қаражаттар жинамау туралы жиналыстар ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес істері бойынша «Адал ұрпақ» клубының мектепшілік жұмыс жоспары жасалынды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Айбек Нұғмаровпен «Адалдық сағаты», «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбындағы Мурат Төлеубаевпен «Адалдық сағаты», Мұхтар Әуезовпен «Адалдық сағаты» оқушылармен сынып сағаттары өтті. WhatsApp желісі арқылы ата-аналар топтарына жіберілді, талқыланды, мектеп сайтына салынды. Оқушылар арасында «Адал сатылмайтын еңбек бейнесі» сурет конкурсы ұйымдастырылды.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі Шакаримова Гулнар оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында клуб мүшелерінің ұйытқы болуымен «Парасатты азамат» бұрышы жасалып, онда құнды ақпараттар жинақталды. Оқушылардың назарына адал еңбек ету керектігі, еңбек түбі-береке екені айтылып өтті. «Жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» сынды тақырыптарда әңгіме қозғады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін «Жемқорлық індет – жою міндет» тақырыбында 7-9 сыныптар арасында қараша айында тәрбие сағаттары өткізілді.

Адал ұрпақ- болашақ негізі» атты тақырыбында жиыналыс 5-11 сынып оқушылар арасында өтті. «Адал ұрпақ» еріктілер ұйымының топ басшысы және құрамына 10 оқушы сайланды.

«Дебат «Жастардың бойында патриотизмді арнайы тәрбиелеу қажет пе?» 5-9 сынып арасында өтті.

«Халқына адал қас батыр-Қасым Қайсенов» атты адалдық сағаты барлық сыныптарда бейнероликтер көрсетіліп, батырдың ерлігі мен шығармашылығы дәріптелді.

«Мектепке жол» акциясы туралы ақпарат.

«С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін орта мектебі» КММ бойынша 2021-2022 оқу жылында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан 40 оқушыға ТОО «КазМинералис» компаниясы демеушілік көмек көрсетіп, оқу құралдарын, рюкзак әперді.

	Қайырымдылық көмек түрі	Берілген оқушы саны	Соммасы
1	Рюкзак, оқу құрал жабдықтарымен	125	25000
Барлық құны: 3125000 теңгеге көмек көрсетілді.			

«Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы іс-шаралары туралы ақпарат.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігі ҚР білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі жоспарының 143- тармағын жүзеге асыру мақсатында мектеп тасмалдауын ұйымдастыру кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2021жылдың 9 тамызбен- 20 қыреуіек аралығында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы өткізілді

Аталған акция аясында мектепте іс-шара жоспарлары жасалып, жоспарға сәйкес жолда жүру ережелері тақырыбында бұрыштар жаңартылды, көркем плакаттар, буклеттер, тартпалар және ақпараттық бұрыштар жасалынды.

Жоспарға сәйкес 1-8 сынып оқушыларына жолда жүру ережелерін меңгерту мақсатында «Жол ережесін біліп жүр, жасөспірім!» тақырыбында әр сыныпта бірыңғай тәрбие сағаты жүргізіліп, жол қозғалысы ережелері туралы парақшалар мен брошюраларды таратылып мен жол қозғалысы ережелерін түсіндіру, қауіпсіздік сабақтары өткізіледі. Сынып жетекшілер өткізілген сынып сағаттарында балалардың әр уақытта сақ және жолда мұқият болуға, жол ережелерін бұзбай жүруге, тәртіпті сақтауға шақырды.

«Қауіпсіз мектеп автобусы» туралы мәліметтер инстаграм парақшасында жарияланды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол ережелерін үйрету мақсатында дәлізде бейнебаяндар, әлеуметтік роликтер, қауіпсіздік техникалары бойынша нұсқаулықтар көрсетілді және онлайн ата-аналар чаттарына ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен ата-аналарға арналған, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқу жаттығулары вацап желісі өткізілді.

Мектепке күнсайын ауыл бөлімшелерінде тұратын 22 оқушыға тасымалдау ұйымдастырылған. Балаларды діттеген орнына жеткізу үшін 1 автокөлік қарастырылған. Тасымалдаумен қамтылған мектептің тасымалдайтын Уаз2206 №471ЕА16 көлігі осы оқу жылында толық тексеруден өтіп, құрал-саймандары жарамсыз ауыстырылды. Техникалық жағдайы мен тахографтардың бар және олардың жарамдылығы туралы құжаттары тексеріліп, жүргізушінің денсаулық жағдайы үнемі тасымалдау алдында медбикенің тексеруінен өтіп отырады. Автокөлік маршрут бойынша қатынайды. Ылғалды жуу, дезинфекциялық жұмыстар күнделікті атқарылады. Жылу қайырымдылық акциясы» 8 сынып оқушыларының ауылдағы жалғыз басты Тоқпақова Куляш апаның үйінің айналасын қарданотынын бұтап берді.

«Мектеп парламенті» «Жас Ұлан» -оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының есебі

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы аясында өзін өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары жас алыныды. 2021 жылдың 11 қыркүйегінде Ұланбасы сайлауы өтті. Сайлауға 4 оқушы өз кандидатурасын білдірді, олар: Болатбекова Гүлназ – 8-сынып,Рымжан Аяулым – 9-сынып, Демеубеков Мағжан – 8-сынып. Маулетханова Ақмарал – 8 - сынып Сайлауға қатысуға өтініш білдірген оқушылар өздерінің сайлауалды бағдарламаларын алдын ала таныстырды. Ұйым мүшелері кандидаттардың бағдарламалары бойынша дауыс берді. Сайлау санитарлық ережелерге сай өткізілді. Сайлау учаскесіне 1 оқушыдан кіргізіліп, оқушылардың температуралары өлшенді. Нәтижесінде, Болатбекова Гүлназ – 41, Рымжан Аяулым -38, Демеубеков Мағжан – 28 дауыс жинады. Ұланбасылыққа жоғары дауыс жинаған оқушы – Маулетханова Ақмарал сайланды. Қыркүйек айында іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. 1-қыркүйек білім күніне орай «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты ватсап желісі арқылы шағын жиын өткізілді. «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымның топ басшыларын тағайындап, міндеттері бөліп берілді. Отбасы күніне орай, «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында фотоколлаж , видеороликтер жасалды. Сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Денсаулық – сенің байлығың» тақырыбында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында дене шынықтыру мұғалімі Кумаров Ернұр Даулетханұлының атсалысуымен сайыс өткізілді. Видео түсіріліп, интернет желісіне жүктелді. Ватсап желісінде медбикенің қатысуымен, оқушылардың қызықты сұрақтар қоюы – сұхбаттың жандануына үлесін қосты. «Менің жазғы демалысым» тақырыбында шығарма байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаз анықталды, жеңген оқушы марапатталды. «Тілім менің тірлігімнің айғағы» тақырыбында ватсап желісі арқылы танымдық –зияткерлік сабағы өткізілді.

Қазан айы айтулы мерекемен басталды. 01.10.2021 ж күні «Қария асыл қазынам» тақырыбында акция, фотоколлаж жасау байқауы өтті. 02.10.2021ж. күні «Ұстаз-үлгі, өнеге, ұлағатым» атты ұстаздарға арналған ашық хаттар жасалып, жылы лебіздер айтылды. «Ұстазға хат» атты қорабшада оқушылар атынан ұстаздарға хат салынып, таратылды. Ата-аналар тарапынан мектеп мұғалімдеріне видеоқұттықтау жолданып, ватсап желісіндегі мұғалімдер чатына салынды. 5-11 сыныптар арасында концерттік бағдарлама қойылды. Өзін- өзі басқару күні өткізілді. Мектеп директоры, орынбасарлары мен пән мұғалімдері сайланып 8-11 сынып оқушылары төменгі 1-7 сынып оқушыларына сабақ берді.

12.10.2021ж. күні мектебіміздегі оқушылардың күнделіктері тексерілді.

20.10.2021ж. күні «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. «Бала құқығы адам құқығы» тақырыбында оқушылар өз құқықтарын толық білу мақсатында брошюралар таратылды.

15.10.-21.10.21ж. күндер аралығында «Күз кереметтері» тақырыбы аясында

1-6-сынып оқушылары арасында икебана жасау байқауы өткізілді. Байқау 5 номинация бойынша қорытындыланды.

Қараша айында жоспар бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. 4-5-сыныптар арасында ұлттық ойындар арқылы оқушыларға қазақтың салт дәстүрі, әдет-ғұрпын дәріптеу мақсатында «Ұлттың ұлы мұраты – ұлттық ойындар» атты танымдық сабақ өткізілді. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының шығармаларын насихаттау, оқушының бойына көркем сөздің мәйегін сіңдіру мақсатында «Ұлтыңның ұлы ұстазы – Абайға 175 жыл» тақырыбында өнерлілер сайысы өтті. 1-желтоқсан ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай, 3-4- сыныптар белгіленген тақырып аясында қабырға газетін дайындады. 5-6-сынып оқушылары ізденіп, «ЖИТС – ғасыр індеті» тақырыбында буклет дайындады. Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу өтті. «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» 10-11 сыныптар арасында әңгіме жүргізілді. Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын, халқын, сүйеге, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында 1-желтоқсан Президент күніне арналған « Менің Тұңғыш Президентім» атты іс-шара өтті.

Желтоқсан айындағы жұмыстарды қорытындылайтын болсақ, айдың алғашқы аптасында «Мектеп дауысы» атты байқауы өтті. Оқушылар белсене атсалысты. «Мектеп дауысы» жеңімпазы анықталып бас жүлдані 8 сынып оқушысы Нүрсейтов Али Асхатұлы алды. «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма? тақырыбында іс-шара өткізіліп, оқушыларға денсаулықтың қадірі туралы бейнебаян көрсетілді. Медбике өз кеңесімен бөлісті. Ағымдағы айдың 14-і күні «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы мүшелігіне қабылдау рәсімі өтті. Жас Қыран мүшелері 11 оқушымен, Жас Ұлан мүшелері де 14 оқушымен толықты. Оқушыларға ұйымға қабылданғандығын растайтын сертификат табысталды, 5 сыныпқа көк галстук тағылды. 1 сыныпқа төс белгі тағылды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында жоспарлы түрде сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесіне 1-6-сынып оқушылары үлкен белсенділікпен өз жұмыстарын ұсынды.

Қаңтар ақпан айларында да мектепшілік барлық іс-шараларға белсене араласты, атап айтсақ «Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына -33 толуына байланысты ардагерлермен кездесу өтіп, «Шаңғы- биатлон» жарыстары ұйымдастырылды.

Наурыз айында 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз мерекелеріне байланысты іс шаралар ұйымдастырылды.

7 мамыр «Отан қорғаушылар күніне байланысты «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды» атты патриоттық соғыс әндері сайыс өтті.

9 мамыр «Ұлы Жеңіске 77 жыл» ауыл орталығындағы Ардагерлер алейсындағы ескерткіш тақтаға гүл шоғын қойды.

Айта кетелік, жоспарлы әрі жоспардан тыс барлық іс-шараларды өткізу барысында санитарлық талаптар сақталды. Оқушылар бетпердемен, температура тексеру арқылы кіргізіліп, арақашықтық сақталды.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА жасалып жатқан жұмыстарға ақпарат

Рухани жаңғыру бағдарласасы аясында ұлттық құндылықтарды жаңғырту мақсатында жоспар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Ұлттық ойындар, Ұлттық билер, пікір сайыстар, буккросингтар өткізілуде.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті және Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерей тойына орай атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат.

Жоспар жасалып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Тұңғыш Президент күні және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына байланысты «Мектеп дауысы-2021» ән байқауы өтті. Алғашқы кезең көрмей таңдау арқылы өтті. Екінші кезеңге өткен оқушылар жұптасып өнер көрсетті. Ақтық мәре екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде еркін тақырыпта ән айтса, екінші бөлімде патриоттық әндерден сайысты. Байқау жеңімпазы Нурсейтов Әли 8 сынып оқушысы мектеп әкімшілігі демеушілік көрсетіп тіккен қомақты ақшалай сыйлықты иеленді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына байланысты ұйымдастырылған шара өткізіліп, мектепте 30 жылдан артық еңбек еткен ұстаздарды марапаттау өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жылдығына байланысты ұйымдастырылған газеттер мен көрме байқауы және тәрбие сағаттары ұйымдастырылып өткізілді.

Екінші бағыт- Рухани адамгершілілік тәрбие

Оқушылар арасында діни экстримзм жөнінде жүргізілген түсіндіру жұмыстары туралы ақпарат

Оқушыларды инабаттылыққа, ұлттық рухқа тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдерінің арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Діни экстремизм мен терроризм қайдан шыққан?» тақырыбында баяндама 7-11 сыныптар арасында өткізілді. Мектеп бойынша діни ұйымдарға баратын оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде мектеп оқушылары арасында діни ұйымдарға баратын оқушылар анықталмады.

«Қазақстанда тыйым салынған діни бірлестіктер» тақырыбында 9-11 сыныптар мен АӘД мұғалімі А.Х. Сақимбай баяндама оқыды. Мектеп психологы А.К. Шарипов оқушыларға жаднама таратты.

9-11 сынып оқушылары арасында «Дін адамзат танымының дүние мен жаратылысқа деген көзқарасы» тақырыбында тарих және дінтану пәнінің мұғалімі Д.Н. Асқардың ұйымдастыруымен баяндама сабақ өткізілді.

11 қазан - Халықаралық қыздар күніне орай

өткізілген іс-шаралар

11 қазан - Халықаралық қыздар күніне орай қоғамда қыз баланың алар орнын дәріптеу, қыздар арасында кездесетін мәселелердің шешу жолдарын қарастыру, сондай-ақ олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту мақсатында қыздар күніне арналған жоспар бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

«Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында 5-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатында қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттерін имандылық, инабаттылық, ізеттілік пен ісмерлілікке тәрбиелеу мен жан-жақты білімді болуға, әсемдік пен сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу.

«Мен қандаймын» бастауыш сыныптар арасында суреттер сайысы және «Он саусағы майысқан» қолөнер көрмесі өткізілді. Оқушылар өнер туындыларын эстетикалық талғаммен жасап, бұйым жасау мен сурет сайысында өнерге деген қызығушылықтары мен шығармашылық белсенділік танытты.

Мектеп психологы А.К. Шарипов «Шынайы достықты бағалай білесің бе» атты 5-6 сынып қыздарына психологиялық тренинг жүргізді. Оқушыларға достық ұғымы туралы терең түсінік бере отырып, адал достыққа, кешірімділікке, шынайылыққа баулу. Достық сыйластық туралы пікірлесе отырып, оқушылар арасында достық сезімін қалыптастыру мақсатында тренинг өткізілді.

«Қыз әдептілігімен әдемі, инабаттылығымен сәнді» тақырыбында қыздар клубы таныстырылым жасап, әлеуметтік вацап желісінде құрылған «қыздар» тобында жариялады.

«Менің мамандығым менің болашағым» тақырыбында фотоколлаж көрмесі ұйымдастырылып, 9-11 оқушыларына кәсіптік бағдар беру бойынша кеңестер беріліп, «Бойжеткен қыз ережесі» жадынамасы таратылды.

Ауданның барлық білім беру ұйымдарында 11 қазан - Халықаралық қыздар күніне орай өткізілген іс-шараларының қорытындысы мектептердің сайты мен әлеуметтік желілерге жарияланды

Жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету туралы ақпарат

«Қоғамға қызмет» жобасы барысыныда жұмыстар атқарылды. «Жылу қайырымдылық акциясы » 9 сынып оқушыларының ауылдағы жалғыз басты Сейлжанова Бақытжан апайдың үйінің қорасын тазалап берді.

«Жылу қайырымдылық акциясы» 10 сынып оқушыларының ауылдағы жалғыз басты Бектурова Фарида апаның ағашын жарып қорасына тасып кіргізіп берді.

«Жылу қайырымдылық акциясы» 8 сынып оқушыларының ауылдағы жалғыз басты Тоқпақова Куляш апаның отынын бұтап берді

«Кәмлетке жасы толмағандар арасында суицидке ықпал етушілік фактілері» туралы ақпарат.

Мектебімізде кәмелетке жасы толмағандар арасындағы суицид жағдайларының алдын алу мақсатында жыл бойына әр түрлі іс шаралар жүргізілуде. Суицид жағдайларының алдын алу профилактикалық кеңес отырысында қаралды. Бұл отырыста ата-аналар мен оқушыларға «Өмірге деген құштарлық» атты видеоролик көрсетілді. 1-11 сыныптар аралығында сынып сағаттар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Суицидтің алдын алу мақсатында ата-аналармен ата-ана жиналысы өткізілді. Жиналыста мектеп психологі «Суицидтік мінез құлықты алдын алу профилактикасы» ата-аналарға бала тәрбиесі туралы лекциялар оқылды.

Жасөспірімдер арасында ойынқұмарлықтың, токсикоманияның, темекі шегудің және маскүнемдіктің зияны туралы лекциялар оқылды.

Қыркүйек айында өзіне-өзі қол салу (суицид) фактілеріне байланысты 10-17 жастағы оқушылар арасында суицидке қарсы сауалнамалар алынды.

Сауалнаманы мектеп психологы А.К.Шарипов «Басса-Даркидің “Тұлға бағытын анықтау, өзіндік тұрақтылығын бағалау” суицидтік бағытталуын анықтау» әдісі бойынша жүргізілді. Сауалнама алу барысында оқушыларға психологиялық тренинг жаттығулар жасалынып кеңестер берілді. Сауалнама қорытындысы бойынша суицидке бейім оқушылар анықталған жоқ. Мектебімізде соңғы бес жылда суицид жағдайы тіркелген емес.

Жол картасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру бағытындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында атқарылған жұмыстар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасыны аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебімізде «Әжемнің ертегілері», «Бір отбасы-бір кітап», «Кітаппен өткен демалыс күндері», «Өзің оқыған мектепке кітап сыйла», «Білім бұлағы» акциялары ұйымдастырылды.

«Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушылары арасында сайыс түрінде ұйымдастырылды. Оқушылар қанша ертегі біледі және оның кез-келгенінен мазмұнын айтып беру.

Бір отбасы-бір кітап», «Кітаппен өткен демалыс күндері» 5-11 сыныптар арасында өтті.

«Өзің оқыған мектепке кітап сыйла» түлектерге арналған. 14 ақпан «Кітап күні» қарсаңында мектеп түлегі Сайдембаева Алия өзі оқыған мектепке бірнеше кітаптарды сыйға тартты.

Сонымен қатар әр сыныпта және мектеп дәлізінде «Буккросинг» ұйымдастырылған. Бірнеше электроны кітаптарда орналастырылған. Буккросинг бойынша сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаз оқушылардың фотосуреттері дәлізде ілінді.

«Білім бұлағы» акциясы басталды. Мақсаты: үштік одақ жұмысын жандандыра отырып, кітап оқуға шақыру. Жоспар құрылып, жыл соңында нәтижесі анықталады. Оқушыларға әр буын бойынша жеке-жеке кітаптар ұсынылып, кезең-кезеңімен тесттар алынады, тәуелсіз сарпшылар ата-аналардан құрылды. Әр тесттан өткен оқушы келесі кезеңге өтіп отырып, жеңімпаз болуға тырысуда.

Үшінші бағыт- «Ұлттық тәрбие»

«Ұлттық мәртебе күні» бойынша жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат.

«Ұлттық мәртебе күні» әр жұма сайын өткізіледі. Жылдық жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Шараның ізбасарлары» ұлттық би сайысы, «Ұлттық ойындар», «Ұлттық тәрбие- ұлт болашағы», «Ұлттық тағылымды ұмытпайық», «Ұлттық құндылықтар- тәрбиенің түп қазығы» тәрбие сағаттары, «Салт дәстүрлер», «Ырымдар мен тыйымдар» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Наурыз мерекесіне байланысты шаралар туралы

АҚПАРАТ

Ұлттық тәрбие аясында «Болашаққа бағдар; Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Амал келді, жыл келді» атты мерекелік концерттік бағдарлама өткізіліп, 1-10 сыныптар арасында сынып жетекшілердің жетекшілігімен наурызда салт дәстүрімізге байланысты көріністер көрсетіліп, ұлттық ойындар ойнатылды.

«Көктем аруы-2022» байқауы 5-11 сынып қыздары арасында әр сыныптан бір қыз қаттысты. Байқау шарты бойынша өзін-өзі таныстыру, өз өнері, және нан жаю, кеспе кесу және тик-ток немесе тренд видеороликтер түсіру шарттарынан тұрды. Осы шарттар бойынша қыздар видеороликтерді ватцаптағы «Қыздар» тобына жариялап, мектеп әкімшілігінен құрылған әділ қазы алқасының дауысы мен бағаланды.

«22 наурыз» мерекесіне байланысты іс шаралар ұйымдастырылып, тақырыптық «Тарихқа тағзым» ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі, суреттер байқауы, онлайн «Наурыз көже, бауырсақ пісіріу», «Ұршықпен жүн иіру», «Ұлттық киімдер» челенджері, «Шымырлық күні» ұлттық ойындар сайысы, «Баталы ұлға бақ қонар» бата беруден сайыс, «Әже ақылы» әжелермен кездесу ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт- «Отбасы тәрбиесі»

Ата-аналармен жұмыс

2021-2022 оқу жылы қыркүйек айында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында мектепшілік ата-аналар комитеті сайланып, бекітілді.

Мектеп басшысы, орынбасарларымен ата-аналар бірлесе отырып ата-аналар комитетін сайланды. Өз келісімдерімен ата-аналар комитеті құрамына енген ата-аналар тізімі:

1. Барлықпаева Нұржәміш -төрайымы
2. Алекенова Қ.- мүшесі
3. Қасымханова Т.В. -мүшесі
4. Қайырбекова Э.О. мүшесі

Жалпы мектепте 11сынып бар, сынып ішінде мектепшілік ата-аналар комитеті сайланды, жалпы сыныптар арасындағы ата-ана комитетінің саны 25 болды. Ата-аналар комитеті арнайы жоспар жұмыстарын жыл бойы жүргізіп отырды.

Ата –аналар мен жалпы мектепшілік жиналыстар жүргізіліп, хаттамалары жазылады. Аналар мен балалар сайысы өтті.

8-наурыз мерекесіне орай «Ана -өмірдің гүлі» атты концерт өтті.

Наурыз мерекесі де ата-аналар мен әжелермен бірге өткізілді.

«Бір әкенің берген тәрбиесін бере алмайды жүз мектеп!» әкелер форумы туралы ақпарат.

Әр шаңырақта әкенің рөлі ерекше. Әке- отбасының асыраушысы,отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі-баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-береке, ынтымағы үшін

отбасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие. Форум төмендегі бағдарлама бойынша өрбіді.

Бағдарлама

1. Форумның ашылуы
2. Оқушылардың ән шашуы
3. Әкелер өнері
4. Коучинг
5. Ұлттық ойындар

Форумның мақсаты:

Бала тәрбиесіне деген әкелердің көзқарастарын кеңейту, отбасында және бала тәрбиесінде әкелер мен ер-азаматтардың мәртебесін көтеру, қоғамда әкенің рөлін биіктету. Әрбір тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-пікірлерімен бөлісу. Отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру.

Форумның алғашқы ашылу бөлімінде әкелерді қарсы алып, бағдарламасы мен ікелерге кеңес жаднамасы таратылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңыда өтіп жатқандықтан оқушылардың ән шашуын тыңдады. Сонымен қатар әр сыныптан бір әке мен бір оқушы өз өнерлерін көрсетті. ДТІЖО Н.Н.Турусбекова Коучинг өткізіп, бөлімінде әкелер пікір алмасты. Әкелерге жағдайаттар беріліп, жауаптар алынғаннан соң алдын ала дайындалған балалардың жауаптары да экраннан көрсетілді. Кейбірі әке жауабымен сәйкес келе кейбірі қарсы келіп жатты. Қызықты сұрақтар қойылды. Мектеп психологы А.К.Шарипов тренинг жаттығулар жасатты.

Соңында әкелер ұлттық күнді мерекелеуге байланысты ұлттық ойын «ЛӘНГІ» ойынын ойнап, жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды.

Ата-аналармен семинар тренинг

11.09.2021 күні мектеп психологы ата-аналармен «Отбасы күні» мерекесіне байланысты ата-аналармен семинар тренинг өткізді. Мақсаты отбасындағы бала тәрбиесі туралы түсіндірме жұмыстары, жаднамалар тарату. Аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін айқындау.

Сонымен қатар ата-аналар мен үнемі байланыста болуы үшін барлық сынып ата-аналарының «СЕНІМ» ватцап желісі арқылы топ құрылды. Топ жетекшісі тәрбие ісінің меңгеушісі Н.Н.Турусбекова мен мектеп психологы Шарипов А.К. Топқа ата-ана мен бала арасындағы байланыстар туралы әр түрлі кеңестер мен видео роликтер салынып тұрады, ата-аналар өздеріне ұнаған немесе керекті мәліметтерге кері байланыс жасап тұрады.

Желтоқсан айы ішінде 5-8 сынып ата-аналары жиналысында оқушылардың кешкі мезгілдегі тәртібі мен сабақ үлгерімі бойынша және бос уақытын тиімді ұйымдастыру жайлы, отбасындағы бала тәрбиесі тақырыбында әңгімелесулер өткізілді.

23.11.2021 күні ДТІЖО Н.Н.Турусбекова , өзін- өзі тану пәнінің мұғалімі Г.Ж.Шакаримова «Жалпы адамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі» атты ата-аналармен жұмыстар ұйымдастырылды.

«Балалар жылы-2022» шеңберінде өткізілген іс-шаралар

1. Балалар жылы және 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне байланысты "Мың бір мақал" сайысы 2-4 сыныптар арасында өтті. Жауапты әлеуметтік педагог: М.Б.Тилеу
2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы әзірлеген және бекіткен 2022 жылға арналған "Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт" Республикалық жобасын іске асыру жөніндегі Жол картасына байланысты 11 тармақ "Бақытты ана-бақытты балалар" әйелдердің жеке дамуы рухани өсуі бойынша семинар- тренинг "Балалар жылы" шеңберінде өткізілді. Психолог: Шарипов А.К , ДТІЖО: Турусбекова Н.Н.
3. "Бақытты ана-бақытты балалар" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.
Күн тәртібінде:
 1. 2021-2022 оқу жылың аяқталуы
"Жазғы мектеп -2022" ережелері
 2. 2021-2022 оқу жылында қорытынды емтихан өткізу, "Алтын Белгі" талаптары
 3. Жазғы сауықтыру жұмыстары, жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін таныстыру
 4. 2022-2023 оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар
 5. Білім және ғылым министрлігінің мектеп бітіру кештерін ұйымдастыру туралы ұсынымдары
 6. Кәсіби бағдар мамандық таңдау бойынша түсіндіру
4. Мектебімізде аймақтық Актоғай орта мектебі, #8 орта мектеп қыздар арасында волейболдан жарыс өтті. Сонымен қатар аймақ мектептерінен келген оқушылар мектеп мұражайын аралап танысып қайтты. Жарыс нәтижесінде 1 орын Сейфуллин ОМ, 2 орын #8 орта мектеп, 3 орын Актоғай орта мектебі.
5. "Түлек 2022-Жаңа Қазақстанның ертеңі" атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Ақжол Жас түлек! Сәт сапар
6. "Балалар жылы - 2022" орай ұйымдастырылған 1 маусым - Балалар күні "Қазақстан балалары-жазды қуанышқа толтырайық!" атты іс-шара өтілді. KazMinerals компаниясы балаларға сыйлықтар таратты.
7. Балалар жылы-2022" шеңберінде ұйымдастырылған мектеп жанындағы лагерьлерде "Қазақстан Республикасының рәміздері-30жыл тақырыбында" іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бесінші бағыт- «Көпмәдениетті және көрме-эстетикалық тәрбие »

«Арайлы күз, Алтын күз» байқауы мектебімізде дәстүр бойынша ерекше өтті. Жеміс жидектер мен көкөністерден экибана, гербари «Күз кереметі» көрме ұйымдастырылды.

Жасыл шырша мерекесі жоспары құрылып, іс-шаралар жүргізілді. 1-11 сынып құттықтау газеттер шығарылды. Аудан әкімінің шыршасына екі оқушы Жұмашев Айзат пен Талдарова Дильназ сыйлық алды. ТОО «Каз Минералс» компаниясы көп балалы отбасынан шыққан 125 оқушыға тәттілер салынған аяз ата дорбасын сыйға тартты.

«Алғыс айту- парызым» тәрбие сағаттары өтті. Мектеп дәлізіне алғыс хат қалдыру бұрышы ұйымдастырылды. «Жылу қайырымдылық» акциясы барысында ауылдағы жалғыз басты үлкен кісілердің үйінің қарын тазалау, ағашын бұтау 8-9 сынып оқушылары жұмыстарына көмектесіп үлкен адамның батасын алды.

«С.Назарбаеваның туған күніне байланысты «Махабат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік ұйымдастырылды, Онда Өзін –өзі тану пәні мұғалімдері ашық сабақтар өткізіп, видеороликтер көрсетті, челендждар мен көрмелер ұйымдастырылды.

1 сәуір –Құстар мен Ғарышкерлер күні аталып өтті. Оқушылар үйлерінен құстардың ұяларын жасап алып келіп, мектеп ауласындағы талдарға орнатты. «Ғарышкерлер күні» атты тәрбие сағаттары өтті.

1 мамыр – Татулық пен бірлік мерекесі аталып өтті. «Ынтымағы жарасқан туған өлкем» , «Бірлік бастауы» тақырыптарында бірлік, тәрбие сағаттары өтті. «Бірлік біздің қасиетті туымыз» тақырыбында әр ұлттың биінен конкурс ұйымдастырылды. «Басты байлық- бірлік» бастауыш сыныптар арасында сурет байқауы өтті.

4 сынып оқушылары онлайн «Бастауышым- балбұлағым» атты концерт жасап бейнероликті ұсынды.

25-мамыр «Соңғы қоңырау» мекреkesі «Балалар жылы-2022» шеңберінде «Түлек 2022 Жаңа Қазақстанның ертеңі» тақырыбында тәрбие сағаттары ретінде әр сыныпта жеке-жеке өтті. Онда Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына байланысты тәрбие жұмысы, мектебімізді «Алтын белгіге» аяқтаған түлектеріміздің құттықтауы және үздік оқушыларды марапаттау ұйымдастырылды

Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу шеңберінде іс-шаралар туралы АҚПАРАТ

Мектебімізде 8-наурыз мерекесіне байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып, «Мерекеңмен, анашашым!» іс-шара жоспары құрылып, "Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы" атты тәрбие сағаттары өтті.

WhatsApp желілері арқылы "Рахмет Сізге -Анашым" құттықтау бейнероликтер түсірілді.

Мектеп дәлізінде және әлеуметтік желілерде « Әйел-Ана, Әйел-Ару, Әйел-Гүл» атты көрме ұйымдастырылды. Онда оқушылар аналар мен ұстаздарға арналған қолдан ашық хаттар үлгілерін қойды. «Ана -өмірдің гүлі» атты аналарға арналған концерт өтті.

Алтыншы бағыт- «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі»

Дебат «Азамат» пікірсайыс клубының жұмысы жөніндегі ақпарат.

«Азамат» пікірсайыс клубының бағдарламасы пәнаралық байланыстар мен оқушылардың өзіндік тәжірибесіне сүйене отырып, оқушылардың коммуникативті және әлеуметтік құзіреттілігін арттыруға бағытталған және балалардың құндылық бағдарларын қалыптастыруға, адамгершілікке, патриоттыққа, патриоттыққа тәрбиелеуге, мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. шығармашыл тұлға және студенттерді өз шығармашылығы арқылы жалпы адамзаттық құндылықтармен таныстыру.

Уақыт талабына байланысты өзекті болып табылады: қоғамдық өмірге саналы және белсенді қатысу, өз көзқарасын дамытып, оны қорғай білу; көпшілік алдында сөйлеу дағдылары; топта жұмыс істей білу және орындаудың бірыңғай стратегиясын әзірлеу;

2021 жылдың қыркүйегінен бастап 5-11 сыныптар арасында оқу процесінде үйірме жұмысы қайта жанданды, жаңа командалар жиналды, үйірмедегі балалар саны 20 оқушыны құрайды. Дебат клубының жылдық жоспары құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Дебат ойындары инстаграм желісіне салынды. Әр дебат ойынының хаттамасы жазылып тіркелуде.

«Азамат» клубының мүшелеріне шеберлік сабақтары өткізілді. Шеберлік сыныбы аясында оқушылар сөз алдында алаңдаушылықты жеңу, мәнерлі сөйлеу, жұртшылықтың назарын аудару әдістері және т.б. ұсыныстар алды. Пікірсайыс клубының қатысушылары осы шеберлік сыныбының практикалық жаттығуларына қатысты. Оқу жылында оқушылармен Дебат» кабинетінде үйірме жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М.Д.Сайтбаева «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны», «Біріңғай мектеп формасын енгізу қажет пе?», «Қазақстан дамыған 30 елдің қатарында», «Интернет телефонды алмастыра ала ма», «Жануарларды сауық үшін пайдалануға бола ма?» т.б тақырыптарда дебат өткізді.

«Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91 жыл» іс –шара туралы
Қазақтың лирик, ақын ақыны «Мұқағали Мақатаевтың туғанына 91жыл» арналған әдеби сазды кеш ұйымдастырылып, оқушылар жоғары деңгейде өлеңдері мен әндерін орындады.

«Ұлт- ұстазы –Ахмет Байтұрсынұлы» іс-шара

Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түріктанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына -150 жыл толуына байланысты «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» атты әдеби сазды кеш өтті.

Аудандық «Дінмұхамед Қонаев ғасыр адамы» атты аудандық дебат турнирі 48 команда арасында 2 күнге созылған сөз додасы тартысты пікірсайыс алаңында "С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ оқушыларымыз "Жалын" тобы жүлделі ІІІ орын алды. Топ мүшелері 8 сынып оқушылары Демеубеков Мағжан мен Ахметқалиев Әсет. Жетекшісі: Сайтбаева М.Д.

Жетінші бағыт- «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие»

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы барысында мектеп ішін гүлдендіру «Жасыл мектеп»акциясы жүргізілді. Тәуелсіздіктің 30жылдық мерекесіне орай 30 үлкен (гаршок) алынып гүл көшеттері отырғызылды. Экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту,адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды. Сонымен қатар «Көгалдандыру» жұмыстары да жүргізілді. Мектеп айналасына 500 дана әр түрлі гүл көшеттері отырғызылды.

«Еңбек –елдің мұраты» жобасы барысында да оқушылар мектеп ауласын тазалау қызметтеріне еріктілер тобы құрылып тазалау жұмыстарын жүргізіп тұрады. «Еңбек күні» онлайн ұйымдастырылды. Мектепшілік «Ең таза сынып», «Ең таза аула» өтуде.

Кәсіптік бағдар, мамандық таңдау бойынша жүргізілген жұмыстар
Жоғарғы сыныптар арасында кәсіби бейімділігін анықтау мақсатында бірқатар түсіндірме жұмыстары жүргізіліп және сауалнамалар алынды. Жастарды еңбекке баулу және мамандықтарын дұрыс таңдауға бағыт беру маңызды істердің бірі. Саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Болашақтағы кәсіби мақсатына дұрыс бағыт алған оқушы бойындағы қарым қабілетін шығармашылықпен дамыта білсе сапалы маман ретінде қалыптасатыны белгілі.Сол себепті қазіргі таңда

түлектерге кәсіби бағдар ұсынып, кеңес айту үлкен маңызға ие. Кәсіби бағдар беру – шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы саналады. Білім саласындағы кәсіби бағыттың ауқымы кең және алуан түрлі. Бұл істің жүргізілуі кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Қазіргі заман талабына сай мамандықтарды игерген жастарға сұраныс өте жоғары. Нарықтағы бәсекелестік күн өткен сайын артып келеді. Бүгінгі заман талабы кәсіптік білім беру саласында адамның табиғи ерекшеліктеріне сәйкес мыңдаған мамандықтар мен кәсіптерге дайындау – кезек күттірмейтін талаптардың бірі.

Кәсіптік бағдар, мамандық таңдау бойынша түсіндіру жұмысын 9-11 сынып оқушылары мен ата-аналармен кездесу ұйымдастырып Аягөз ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Т.Азимбаев келіп жүргізді.




Кәсіби бағдар, мамандық таңдау бойынша "KAZ Minerals-Актогай" компаниясының ұйымдастыруымен бірқатар техникалық кәсіптік білім беру оқу орындары мамандары мектебімізге келіп, түсіндіру жұмысын жүргізді.

1. "KAZ Minerals-Актогай" компаниясының өкілі Абизов Әсет мырзамен "Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті , Жоғары ІТ колледжі маманы Өмірзақ Аружан оқушылармен университет және колледж туралы оқушылармен кездесу өткізіп, ақпарат берді.
2. Аягөз қаласының политехникалық колледжі мамандары Ахмадиева А.К. мен Кенжебаева Ж.К. кездесу өткізіп, колледж туралы ақпарат берілді.
3. "Геологиялық барлау колледжі" маманы Абдрахманова Меруерт
4. "Өскемен политехникалық колледжі "
5. «Электротехникалық колледжі» мамандары келіп, кездесу өткізіп колледж туралы мағлұмат береді. Шынарбек Шыңғыс, Нұрманов Нұрсұлтан, Ахметов Алихан



Мектеп бітіретін 9-11 сынып оқушыларын «қандай мамандықты таңдаймын» немесе «таңдаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Бұл әрине үлкен өмірге қадам басардағы ең жауапты сәттердің бірі. Себебі осы бағыт бағдар адам ғұмырының алдағы болашағына өз әсерін тигізеді.



Мектептегі 9-11 сынып оқушыларының бейімділігін анықтау мақсатында мектеп психологы Шарипов Асланмен бірге екі реттен сауалнамалар алынды. Сауалнамалар қорытындысы төмендегідей

9 сынып бойынша қорытынды



11 сынып бойынша сауалнама қорытындысы





Сегізінші бағыт- «Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі»

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тұра алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау барысы бойынша жоспарда көзделген төмендегідей іс-шаралар өткізілді. Биылғы Пандемия кезеңіне байланысты «Біз денсаулықты таңдаймыз» тақырыбында членджар ұйымдастырылды. «Бірінші байлық денсаулық» тәрбие сағаттары, «Тұмаудың алдын алу жолдарының профилактикасы» 1-9 сыныптар арасында профилактикалық жұмыстар мектепшілік онлайн «Ләңгі тебу», «Асық», «Бестас», «Тоғызқұмалақ», «Шахмат- дойбы» ойындарынан жарыстар өтті Қысқыжарыстар «Шаңғы», «Биатлон» 8-11 сыныптар және мұғалімдер арасында өтті.

Аймақтық волейбол жарысында қыздар командасы бірінші орын иеленді.

Есірткілерді, спирттік ішімдіктерді, темекі өнімдерін пайдалану бойынша өткізілген іс-шараларға ақпарат

«С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»КММ-де

қыркүйек айында нашақорлық және есірткілерді, спирттік ішімдіктерді, темекі өнімдерін пайдалану бойынша іс-шаралар жоспары құрылыып, бекітілді.

Жоспар бойынша «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» атты 8-9 сыныптар арасында акциялар өткізілді. Акция барысында флешмоб, сынып сағаттары, спорттық жарыстар және т.б. шаралар ұйымдастырылды. Мектеп оқушылар арасында «Біз есірткісіз өмірді таңдаймыз!» плакат және сурет байқауларын қала мектептер арасынада және мектепішлік 5-7 сынып оқушылар арасында сурет пәнінің мұғалімі С.Садвакасова өз деңгейінде өткізді.

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Н.Н.Турусбекова мен өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен мектеп айналасына «Жоқ деп айта біл!» тақырыбында жарнамалар орналастырып, зиянды заттарға қарсы үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерінің бастамасымен жасөспірімдерді спорттық секцияларына тартып, баскетбол, футболдың ойнау қырларын үйретті.

Нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша «Нашақорлық – ғасыр дерті» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сынып сағаттар, «Тұмау белгілері, емделу шаралары, алдын алу» тақырыбында тренинг 5-7 сыныптар арасында, «ЖИТС – XXI ғасыр індеті» тақырыбында ашық семинар 8-9 сыныптар арасында. «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында 10-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

«Түнгі ауыл» атты рейдтік шаралар барысында «Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сабақта кәмелетке толмағандардың түнгі уақыт сағат 23:00-тен таңғы 06:00-ға дейін болуына айыппұл салынатындығын және ата-анасын жауапкершілікке тартатындығын ескертті. Ұсақ тәртіпсіздіктердің алдын алу мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» тақырыбында бейне роликтер көрсетілді, оған 48 оқушы, мектеп инспекторы, 5-11 сынып жетекшілері қатыстырылды. Жиында оқушыларға «Оқушылардың қауіпсіздігі» тақырыбында дәріс оқып, үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету туралы дәрісте анықтама берді. 1-11 сынып жетекшілері ата –аналар жиналысында оқушылардың қатысуымен балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау және балалардың көшеде, жолда, үй маңында бөгде кісілермен сөйлеспеуді, қауіпсіз жүрудің алдын алу мақсатында әңгімелесу кеңес түрінде айтылды. Тәртіп бұзушылыққа бейім балалармен сынып жетекшілері ІІБ-нің инспекторлары және ата-ана комитетінің мүшелері, мектеп психологы, әлеуметтік педагог қылмыстың алдын алу кеңесімен бірлесе отбасыларына рейдтер жүргізілді, ата-аналармен әңгіме-кеңес өткізілді.

ДТЖО:

Н.Н.Турусбекова